



Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары деңгейдегі форумға қатысты



Қазақстан Президенті COVID-19 пандемиясы тұсында және одан кейінгі кезеңде дамуды қаржыландыру» атты жоғары деңгейде өткен шараға қатысты.

Бейне конференция форматындағы форум БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің, Канада Премьер-Министрі Джастин Трюдо мен Ямайка Премьер-Министрі Эндрю Холнесстің бастамасымен өтті. Аталған жиын COVID-19 індетінің салдарын жеңілдету және дағдарыстан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарына халықаралық іс-қимылдарды жұмылдыруға арналды.

Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы

елдер тобының төрағасы ретінде сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдік қоғамдастықтың назарын індеттің салдарына аудара отырып: «Пандемия барлық мемлекеттердің дамуына қауіп төндірді. Әсіресе сыртқы қаржыландыру, сауда және инвестициясы азайған теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге оның зардабы көбірек тиді», – деді.

Осы орайда Мемлекет басшысы дамушы елдердің сыртқы қарыздарды және «цифрлық теңсіздікті» жою, таза ауызсуға, жасыл және заманауи агротехнологияларға қолжетімділікті қамтамасыз ету проблемаларын шешу үшін халықаралық іс-әрекеттерді жұмылдыруға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның «БҰҰ-ның гуманитарлық көмек көрсетудің жаһандық жоспарын» іске асыруға

және коронавирусқа қарсы күрес барысында бірқатар шет мемлекетке жасаған гуманитарлық қолдауын ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қақтығыстарды реттеуге және бейбітшілік орнатуға бейілді екенін нақтылады.

Форумға Германия, Франция, Оңтүстік Африка Республикасы, Жапония, Италия, Ұлыбритания, Пәкістан, Қырғызстан, Беларусь, Сауд Арабиясы және басқа да мемлекеттердің көшбасшылары, Халықаралық валюта қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Дүниежүзілік банк жетекшілері, сондай-ақ, бірқатар халықаралық қаржы институтының басшылары қатысты.

Akorda.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

2020 жылғы 9 маусымда сағат 16.00-де Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың халықпен есеп беру кездесуі өтеді.

Министрге сұрақтар мен ұсыныстарды «Polisia.kz» ведомстволық медиа порталы арқылы «Сұрақ/жауап» арнайы бөліміне, Call-орталығының телефондарына: 8(7172)72-20-92, 72-22-59, 71-52-31 немесе qitim_mvdrk@polisia.kz электрондық мекен-жайы бойынша жіберуге болады.

Есеп беру кездесуі онлайн режимде Facebook, Instagram және ВКонтакте әлеуметтік желілеріндегі Министрліктің ресми парақшаларында, Youtube арнасында тікелей эфирде жүргізіледі. Сұрақтар ағымдағы жылдың 9 маусымына дейін қабылданады.

Жұдырықтай жұмылдыртқан 78 тәулік



Аспан асты елінен бастау алған аты шулы «аждаһа» дүние жүзі тірлігіне түрлі өзгерістер әкелді. Олардың арасында біздің ел де дәл бүгінгі күнге дейін бірталай қиындықтарды еңсерді.

Әсел ЖАҚСЫБАЙ,
Нұр-Сұлтан

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың шұғыл, дер кезінде шешім қабылдап, карантин жариялауының арқасында күн санап өршіген індеттен халықты мейлінше құтқару басты жолға қойылды. Сөйтіп қоғамдық тәртіпті аса қатаң сақтауды күшейту – тосқауылдың негізгі тетігі бола алды. Медицина қызметкерлерінің тынымсыз тірлігіне қосыла, полицейлер, құтқарушылар, әскери қызметшілер және ішкі істер органдарының медицина қызметкерлері тосқауыл бекеттерінде қарқынды жұмыстар атқарды. Тұтастай тіршілікті қамтамасыз етудің маңызды нысандары, медициналық мекемелер мен карантиндік аймақтар тұрғындар қауіпсіздігі үшін 78 тәулік бойына қатаң бақылауда болды.

– Жалпы айтқанда, карантин кезіндегі құқық бұзушылықтың көбеюіне, ең алдымен, ұрлыққа, тонауға, талан-таражға салуға, биліктің заңды талаптарына бағынбауға жол берілмеуі мақсатында полицияның барлық құрамы жұмылдырылды. Полициямен бірге қатары тез арада ұлғая түскен Ұлттық ұлан жасақтарының еңбектері ұшан-теңіз. Өзін-өзі оқшаулау және шектеу тәртібі кезеңінде қабылданған тиісті шаралардың нәтижесінде елдегі қылмыс 26%-ға азайды. Тәулік бойғы жұмыс режимімен өткен 78 күннің әрбір қызметкер үшін 7-8 жылдай ұзақ көрінгені айтпаса да түсінікті, – деді ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев.

(Жалғасы 5-бетте)



2-бет

А. Мамин: ТМД елдерінің дербестігін күшейту қажет

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин бейнеконференция байланысы режимінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) Үкімет басшылары кеңесінің (ҮБК) отырысына қатысты.



3-бет

СЕРГЕКТІК – САҚШЫЛАРДЫҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ

Еліміздегі Төтенше жағдайға, коронавирус пандемиясына байланысты жарияланған карантин полиция қызметкерлеріне де аз күш салған жоқ. Таяуда күні-түні қалтқысыз еңбек етіп жүрген ел сақшыларының жұмысымен жете танысу үшін рейдке шықтық. Біз бұл жолы ҚР ІІМ Нұр-Сұлтан қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасының арнайы жасақ қызметкерлерімен бірге елордадағы жол қауіпсіздігін бақыладық.



5-бет

Пилоттық жобаның берері мол

Қарағанды қаласында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сервистік тәсілді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыратын ведомстволық жұмыс тобымен кезекті онлайн-кездесу өтті.



7-бет

Ержүрек Ербол

Кімнің болса да қара басы тұрмақ, мүлкіне қауіп төне қалса жанұшырып іздейтіні – учаскелік инспектор.

ИСПАНИЯ

БАЗАРЛАР АШЫЛДЫ

Көкөніс пен жеміс-жидек сатып алуға келгендердің қарасы қалың.

Десе де, тұрғындар әлеуметтік арақашықтықты сақтап, санитарлық талаптарды сақтауда.

Айта кетейік, бұған дейін Испания премьер-министрі елдегі төтенше жағдай режимін 21 маусымға дейін ұзартуды ұсынған еді. Үкімет осы шектеу шарасынан соң тұрғындардың жүріп-тұруына кедергі бола алмаймыз деп отыр.

Бүгінде Испанияда коронавирусты 286 мыңнан астам адам жұқтырған. 27 мың адам індеттен ажал құшты.

24kz

ҚЫТАЙ

ЖАҢА НҰСҚА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

DJI компаниясы MAVIC AIR құрылғысының жаңа нұсқасын таныстырды. Атап айтатын болсақ, жиналмалы Mavic Air квадрокоптерінің екі нұсқасы шығарылды.

«Қытайлық DJI карантин режимінен шыға салысымен, жаңа өнімін көпшілікке таныстырды» деп хабарлайды Atameken Business. Компания мамандарының мәліметінше, жаңа нұсқа ақылдырақ әрі қауіпсіз. «Mavic Air - 2» жаңартылған түсіру датчигімен жабдықталған, онымен қоса аппаратқа орнатылған камера 12 МП-ге дейін суретке түсіріп, 48 МП – ге дейінгі мүмкіндікте видео түсіре алады. Бұл жайында The Verge порталы хабарлады. АҚШ – та дронның ресми сатылымы мамырдың соңына белгіленген. Бастапқы бағасы – 799 доллар көлемінде. Ал Fly More атты кеңейтілген нұсқасы үшін \$988 доллардан қағылуға дайын болыңыз.

inbusiness.kz

АҚШ

ҚОЛАЙЛЫ ЖЕР АЗАҰДА

Жер бетінде ауа температурасының көтерілуі көптеген аумақты адамның өмір сүруіне жарамсыз етуде.

Science Advances журналында жарияланған Американың ғылымға жәрдемдесу қауымдастығы мамандарының зерттеуі осыны көрсетіп отыр.

Зерттеу авторларының түсіндіруінше, Цельсий шкаласы бойынша 46 градус температура ғаламшарда өмір сүретін көптеген тіршілік иелері үшін шекті болып табылады. Осы температура,



ең болмағанда бір градусқа көтерілген кезде тер шығу жүйесі денені салқындатып үлгермейді, бұл организмнің өлуіне әкеліп соқтырады.

Дегенмен ғалымдар Үндістан, Пәкістан, Мексика, АҚШ және Парсы шығанағы елдерінің кейбір аумақтарында шекті температураның өсуі әлсін-әлсін тіркелетіндігін атап өткен.

Егер климаттың жылу процесін ертерек тоқтатпаса, осындай өңірлер халқы тығыз қоныстанған Еуропада да туындауы мүмкін.

24kz

Мемлекеттік комиссия құрылады

Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жасаған үндеуінде айтты.



Тоталитаризмнен зардап шеккен көптеген ұлт өкілдері үшін қазақ жері құтты мекенге айналды. Ата-бабаларымыздан дарыған қайсарлық пен төзімділіктің арқасында қатаң сыннан абыроймен өтіп, біртұтас ұлт ретінде бірігуге мүмкіндік алдық.

Бүгінде республика өңірлерінде «Қазақ халқына – мың алғыс» монументтері орнатылған. Бұл – қазақ жұртының ақ пейілі мен даналығына деген шексіз ризашылықтың белгісі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы тарихи әділдікті

қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырды.

Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз. Болашақтың берік негізі Тәуелсіздіктен бастау алады. Өткен ғасырдағы ең қиылы кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету – баршамыздың перзенттік борышымыз, – деді ол.

Baq.kz

А. Мамин: ТМД елдерінің дербестігін күшейту қажет

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин бейнеконференция байланысы режимінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) Үкімет басшылары кеңесінің (ҮБК) отырысына қатысты.



Қазақстан Үкіметінің басшысы COVID-19 таралуымен күресу, экономиканы тұрақтандыру, өндірістің жаңа құрылымын қалыптастыру, тұрғындар мен бизнесті қолдау бойынша Қазақстанның қабылдап жатқан шаралары туралы хабарлады. Бұл ретте ол ұлттық экономика деңгейінде ғана емес, тұтас ТМД аясында да дағдарысқа қарсы шараларды қабылдауды одан әрі жалғастырудың қажеттігін атап өтті.

ҚР Премьер-Министрі ұлттық экономика аясында да, сондай-ақ бүкіл Достастық форматында да дағдарыс көріністеріне қарсы тұрақтылық буферлерін ұжымдық қалыптастыруды ТМД үшін негізгі міндет ретінде атады. Бұл тұрғыда Үкімет басшысы 2030 жылға дейінгі ТМД экономикалық даму стратегиясын әзірлеу бойынша жасалып жатқан жұмыстарды атап өтті. Онда сауда, өнеркәсіп, энергетика, көлік, инфрақұрылым, агроөнеркәсіп кешені, шағын және орта бизнес, цифрландыру және басқа да ынтымақтастық салалары қамтылған.

«Қалыптасып отырған динамиканы ескере отырып, елдеріміздің өзін-өзі қамтамасыз ету факторын күшейту қажет. Ең алдымен, бұл азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты. Біз өнімдерді жеткізудің тұрақтылығы аз және географиялық бытыраңқы тізбегіне тәуелділікті төмендетуіміз керек», – деді А. Мамин.

Премьер-Министр Достастық елдерінің пайдасы үшін тауарлар мен қызметтер саудасының ірі экспорттық және импорттық ағындарын қайта бағдарлау жөнінде шаралар қабылдаудың, сыртқы және ішкі

инвестицияларды, алдыңғы қатарлы технологияларды тарту жұмыстарын күшейтудің, транзиттік саудадағы кедергілерді жүйелеудің және оларды азайтудың, ТМД-ға қатысушы елдердің экономикасының бәсекелестік артықшылықтары негізінде өндірістік процестерді өңірлендірудің қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар отырысқа Әзербайжан Премьер-Министрі Али Идоят оғлу Асадов, Беларусь Премьер-Министрі Сергей Румас, Молдова Премьер-Министрі Ион Кику, Ресей Премьер-Министрі Михаил Мишустин, Тәжікстан Премьер-Министрі Кохир Расулзода, Өзбекстан Премьер-Министрі Абдулла Арипов, Армения вице-премьер-министрі Мгер Григорян, Қырғызстан вице-премьер-министрі Эркин Асрандиев және Түрікменстан министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Рашид Мередов қатысты.

Отырысқа қатысушылар ТМД аясындағы экономикалық өзара іс-қимылдың өзекті мәселелерін, COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуымен күрес жөніндегі бірлескен күш-жігер, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі ТМД экономикалық даму стратегиясының жобасын талқылады.

ТМД ҮБК отырысының қорытындысы бойынша қарулы күштер байланысының бірлескен (біріктірілген) жүйесі туралы, ТМД Желілік университетін құру және іске қосу туралы келісімдер, 2030 жылға дейін көлік, жастар саясаты, туризм, спорт, мәдениет және т. б. салалардағы ынтымақтастық стратегиясы және басым бағыттар туралы шешімдер қабылданды.

pm.kz

Жаңа заң күшіне енеді

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2020 жылғы 25 мамырда Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңға қол қойғанын хабарлады.

«Заң алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Заң 2020 жылғы 26 мамырда жарияланды, сәйкесінше 2020 жылғы 6 маусымда күшіне енеді» делінген хабарламада. Мәліметке сай 2020 жылғы 6 маусымға дейін «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы өз күшінде қалады. Осыған байланысты бейбіт жиналыстар туралы хабарламалар мен келісуді алу туралы өтініштерді жолдау «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңы күшіне енгеннен кейін мүмкін болады.

Inform.kz

Ерекше жүргіншілер жолағы



Түркістандағы жаяу жүргіншілер жолағы қызыл түспен боялуда

Түркістан қаласындағы Б.Саттарханов даңғылындағы 10 шақырымды құрайтын веложолды әрлеу, бояу жұмыстары жүргізілуде. Алда Тәуке хан даңғылы, С. Қожанов, Әмір Темір мен Байбұрт көшелеріндегі 10 шақырым аумақта да осындай істер атқарылады.

Сонымен қатар даңғылдағы жаяу жүргіншілер жолағы да әлемнің дамыған қалаларындағы жүйе бойынша қызыл және ақ түспен сызылуда. Мұндай түстер жол қозғалысы апатының алдын алып, көлік иесінің белгіні анық көруіне сеп болады деп жоспарланған.

Қала маңы бағыттары жанданады



1 маусымнан бастап Нұр-Сұлтан қ. барлық қала маңы бағыттары қатынай бастайды. Қалалық көлік сағат 06:00-22:00 аралығында жүреді.

Автобустар әдеттегідей дезинфекцияланады. Жүргізушілер қауіпсіздік шараларын сақтайды: бетперде тағады, қолғап киеді және антисептик пайдаланады. Санитарлық нормаларды сақтау, яғни бетперде тағу жолаушылардан да сұралады.

ҚР Бас санитарлық дәрігерінің 10 мамырдағы Қаулысына сәйкес жолаушыларға қоғамдық көлікке бетпердесіз кіруге болмайды. Қаулының орындалуын көліктің бақылау департаментінің қызметкерлері бақылайды.

Олар қоғамдық көліктегі санитарлық нормалар туралы түсіндіру жұмыстарын жолаушылармен күнделікті жүргізеді. Жолаушы бетперде тағудан бас тартқан жағдайда автобустан түсу сұралады. Жүргізушілерге автобустағы жүктеме 50%-дан аспауы керек деген талап сақталды.

Жол ақысын қолма-қол ақшасыз жүргізу қажет. Ол үшін көліктің карта, балама төлем түрлері қарастырылған – SMS, QR-код және мобильді қосымшалар. Естеріңізге саламыз, 28 наурыздан бастап қосымша тарифтер енгізілді. 18 жасқа дейінгі балалар көліктің қартаман елорданың қоғамдық көлігінде тегін жүреді.

astana.gov.kz

СЕРГЕКТІК

– САҚШЫЛАРДЫҢ СЕҢІМДІ СЕРІГІ

Еліміздегі коронавирус пандемиясына байланысты жарияланған төтенше жағдай режимі полиция қызметкерлеріне де аз күш салған жоқ. Таяуда күні-түні қалтқысыз еңбек етіп жүрген ел сақшыларының жұмысымен жете танысу үшін рейдке шықтық. Біз бұл жолы ҚР ІІМ Нұр-Сұлтан қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасының арнайы жасақ қызметкерлерімен бірге елордадағы жол қауіпсіздігін бақыладық.



Елорданың жол ережесін бұзатын «еркелері»

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Мамырдың жиырма сегізінші жұлдызы. Алакеуім. Дәлірек айтсақ, сағат тілі таңғы 04.30-ды көрсетіп тұрды. Терезеден көз тастап едім, таң құланиектеніп келе жатыр екен. Құстардың сайраған ерекше үні құлағыңа келеді. Таңғы ұйқының тәттісін-ай! Қанша арбаса да, ұйқы – дұшпанға алдырмай, жуынып-шайынып алдым да, аз-маз бой сергітпекке таңғы жаттығуға кірістім. Кешіккеннен гөрі ерте бара бергенім дұрыс деп сағат 5-те далаға шығып, көшеде такси аулап тұрмын. Көшеде көлік сирек екен. Тоқтамастан жанымнан зу-зу етіп өте шығады. Кейбірі тоқтаса да, баратын жолымыз бөлек. Кейбірі мен айтқан мекенжайды білмейді. Осылайша жарты сағат та өте шықты. Әйтеуір, ұстаған таксим Қорғалжын тасжолынан Жетіген-16 мекен жайындағы Нұр-Сұлтан қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасына 10-15 минутта жеткізіп салды.

Таңғы 06:30-да Полиция басқармасының алдына жиналды. Қызметкерлер сапқа тұрғызылып, жұмыс барысында халықпен қалай жұмыс істеу керектігі тәптіштеп түсіндірілді.

Темір тұлпарымыздың «жем-суы» беріліп, жолға шығуға сақадай-сай тұрдық. Үш ауысым бойынша жұмыс істейді, яғни бірінші: 7:30-дан 16:00-ге, екінші: 16:00-ден 22:00-ге, үшінші ауысым: 22:00-ден 7:00-ге дейін. Есіл, Сарыарқа, Алматы аудандарына жауапты.

Взвод командирі, полиция подполковнигі Ержан Әділбеков бізді полиция капитаны Тоқтар Ақанаевпен таныстырды. Арнайы бөлінген 7054-нөмірлі қызметтік көлікпен қаланы аралауға дайынбыз.



Нұр-Сұлтан шаһарын «шумахерлер» кезіп жүр

Біз күнделікті үйреншікті әдетпен асықпай тұрып, шай-суымызды ішіп, сағат 9-да жұмыс орнында боламыз. Ал мұнда бәрі басқаша екен. Асықпай ояну, сәресін үйден асықпай терлеп-тепшіп ішіп келу деген атымен жоқ. Темірдей тәртіп пен бұлжымас бұйрыққа бағыну керек. Сақшылардың тәртібі бойынша біз де таңертеңгі алты жарымда осы жерден табылдық.

Уақыт деген зыр етіп өте шығады емес пе, сағат тілі 8:00-ді көрсетіп тұрды. Жұмыс басталды.

Қорғалжын тас жолында келе жатырмыз. Ұзақ-сонар кептелісте тұрғысы келмей, қарама-қарсы бағыттың жолымен «төтелеп» тартып келе жатқан көк түсті көлікке бірден көзіміз түсті. Бұл кезде уақыт 9:00 еді. Осы сәтте полиция капитаны Тоқтар Ақанаев әлгі көлікті бірден тоқтатты. Жүргізушісі азар да безер болып, ақталып-ақ жатыр. Бірақ тәртіп, заң бәріне ортақ! Сақшы жол ережесін бұзған жүргізушінің басынан сипаған жоқ, әрине. Қайта хаттама толтырып, ескерту жасады. «Шумахер» шопы да кешірім сұрап, жөніне кетті.

Кенет Сарыарқа даңғылында бір «КаМАЗ» машинасы мен жеңіл көлік соқтығысып қалып, жүргізушілердің бірі 102-ге хабарласқан екен. Сол жерде жүрген біз де оқиға орнына келіп жеттік. Бағдаршамнан өтіп, үлкен жолға шығып, бауырын жазып үлгермеген «КаМАЗ» иесі амалсыз артқа қарай кішкене ғана шегініс жасап қойып, оған бір адым артта келе жатқан жеңіл көліп «тұмсығын» тіреп, капоты майысып қалғаны болмаса, бәрі дұрыс.

Біз келсек, екі жүргізуші өзара келісіп қойғандықтарын айтып, оқиға орнынан дереу кеткілері келіп асығып түр екен. 102-қоңырау шалған өздері, ендігі міндет, әрине, хаттама толтыру.

Уақыт деген ескен желдей емес пе?! Ұлы сәскеге де жақындап қалды. 12:30-да Қабанбай даңғылында жылдамдықты асырып ағып бара жатқан жасыл түсті Subaru-дан жол жиегіне тоқтауын өтіндік. «Сергек»-тің «қырағы көзінен» қалыс қалмаған «Тайбурыл» бұдан бұрын да талай мәрте ережеге бағынбаған екен. Үнемі бір жаққа асығып жүретін жүргізушінің мойнында төленбеген сегіз айыппұл барын білдік. Адам баласы қызық қой, кейде асығып жүріп, керісінше, қаншама уақытын жоғалтады. «Асықпаған арбамен қоян алады» деген. Ал жылдамдықты асырудың ақыры жақсылыққа апармайтыны белгілі.

Айыппұл төлеу туралы сұрағанымызда Тоқтар Ақанаев: – Айыппұлды екінші деңгейлі банктер мен «Қазпошта» арқылы төлесеңіз, төлем туралы хабарлама ҚР Ішкі істер министрлігінің базасына тіке түседі. Сонымен бірге электронды үкімет порталы, интернет банкингтер, терминалдар мен түрлі электронды әмияндар арқылы да төлей аласыз. Айыппұлды сотқа жібермей төлеген өзіңізге жақсы. Егер айыппұлды уақытында төлемесеңіз, сотқа жіберіледі. Онда қаулы шыққаннан кейін 30 күн ішінде төлеуге міндеттісіз. Олай болмағанда жеке сот орындаушыларының түрлі кедергілеріне ұшырайсыз, яғни олардың қызмет көрсету ақысын қосып төлейсіз. Сот үкімін орындату үшін есеп-шоттарыңызды бұғаттауы, егер айыппұл көлемі 20 АЕК-тен асса шетелге шығуға да тиым салуы мүмкін, - деп жауап берді.

Нөмірі жоқ көлік пен «қатып» қалған планшет

Талтүс. Күн шыжып тұр. Біз жол ережесін бұзған басқа көліктің құжатын планшетпен тексеріп тұрғанбыз. Қабанбай даңғылы бойында бір Mercedes жүйткіп бара жатыр. Нөмірі жоқ екен. Қуып жетеміз дегенше, көпірден өтіп, А.Бараев көшесіне түсіп бара жатса да, тоқтауына тура келді. Сөйтсек, алдында нөмірі бар да, артындағы нөмірін жүк бағажына салып қойған екен. Түсіп қала берген соң, солай істегенін түсіндіріп жатыр жүргізуші. Қырсық шалғанда сол арада сақшының қолындағы планшет те «қатып» қалды. Біз өзімізше сұрап жатырмыз, интернет істемей қалған шығар, бәлкім, қуат көзі азайған болар деп. Оған байланысты емес. Көп жағдайда осылай өзінен өзі «куып» кететіні бар екен. Бұл енді ешкімнің де кінәсі болмаса керек. Таза техникалық қауа. Жүргізушінің жолы болды деген осы. Екі тарап түсіністікпен тарқадық.

15:30. Қабанбай-2-де орналасқан зәулім үйдің 1-қабатында сауда үйі орналасқан. Жол жиегінде көліктің тұруына болмайды деген арнайы белгі де бар. Дәл адамдар кіріп-шығатын есіктің алдында қаңтарылған көлік елдің жүріп-тұруына көп кедергі келтіріп тұр. Белгіге көз қырып да салмаған Lexus көлігінің иесіне де хаттама толтырып, айыппұл салуға тура келді.

Осылайша ұлы бесін басталды. Көліктің іші ыстық, қапырық. Бас та ауыра бастады.

Хош. Тәртіп сақшыларымен бірге елорда көшелерін он сағаттай аралаған біз де шаршауға айналдық. Сағат 17:00 болды.

Біз рейдтен көрген-білгенімізді көңілге түйіп, үйге қайтуға бет алғанда полиция капитаны Тоқтар Ақанаев взвод командирі Ержан Бақытұлына кезекшілігі туралы есеп беріп жатты.



Суреттерді түсірген Темірлан БЕЙСЕНХАН



ҚР Ұлттық ұланы 5573 әскери бөлімінде әскери борышын атқарған сарбаздар әуе жолымен бірінші рет үйлеріне кетті.

Есенбол ИМАНҒАЗЫ, Нұр-Сұлтан

Ішкі істер министрлігімен келісе отырып, 2019 жылдың көктемінде Жамбыл облысынан шақырылған 27 сарбаз ұшақпен Тараз қаласына жеткізілді. Әскери оркестрдің сүйемелдеуімен 5573 әскери бөлімінде салтанатты түрде сап түзеген сарбаздарды әскери бөлім бастығы, полковник Сәкентай Шекарбеков ақ жол тілеп, Отан алдындағы азаматтық міндетін адал атқарғандары үшін алғысын білдіріп, жолдағы сақтық шараларын орындауларын тапсырды.

Әуежайға жеткен кезде сарбаздарға 5573 әскери бөлімінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Ерлік Ықыласов бөлім бастығының атынан алғыс хаттарды табыстады.

Сарбаздар әскери борышын орындау уақыты аралығында өмірге деген көзқарастарын өзгертіп, жаңа бір деңгейді бағындырды деуге болады. Сондай-ақ қызмет барысында дабыл беруші, аспазшы, қару-жарақ жөндеу шебері, қорғаныс маманы және әскери атыс полигонының операторы сияқты мамандықтарды игерді. Жалпы алып қарайтын болсақ, соңғы бес жылда Ұлттық ұланға әскери борышын өтеуге шақырту алған бес мыңнан астам жауынгер әскердің оқу құрамасында оқып,

қызметтің түрлі мамандықтарын игеріп шықты. Олардың біразы күні бүгінде әскери күштік құрылымдарда қызмет атқарып келеді.

Сонымен қатар бөлім бастығының шешімімен ішкі істер органдарында қызмет етуді қалайтындарға ұсыныс хаттар беріледі. Айта кететін жайт, жыл сайын республиканың барлық аймақтарынан жас жігіттер елорданың жедел бригадасына Отанды қорғау азаматтық міндетін орындауға шақырылады. Нұр-Сұлтан қаласындағы әскери қызмет біздің азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, оларды қылмыстық және басқа да заңсыз қол сұғулардан қорғауда үлкен жауапкершілік жүктейді.

Еске салатын болсақ, Ұлттық ұланның 5573 әскери бөлімінің 1-2019 әскери қызметшілері елдегі төтенше жағдай мен карантиндік шараларда өздері үшін және тұтас алғанда мемлекет үшін қоғамдық тәртіпті сақтау қызметін жүзеге асырды.

Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан 5573 әскери бөлімі күн сайын елорданың төрт ауданында, кейде үш ауысымда әскери қызметке 1200-ге жуық әскери қызметшіні бөледі. Олармен бірге офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілер де бар.

«Ақылды қала»-да ақымақтыққа жол қысқа

Ақмола облысының Ақкөл қаласындағы «Smart city» ситуациялық орталығы камераларының көмегімен полицейлер қылмыстарды ізін суытпай ашуда.



Альмира МАНАТОВА, Ақмола облысы

Ақкөл полициясы құқық бұзушылықты тиімді ашу және болдырмау үшін бүкіл қала бойынша орнатылған бейнекамераларды белсенді пайдаланады.

Мысалы, ағымдағы жылдың 24 мамырында Ақкөл қаласының 35 жастағы тұрғынынан телефон хабарламасы келіп түсті. Ол түнгі уақытта үйінің ауласынан белгісіз тұлғалар «ВАЗ-21099» маркалы автокөлігін айдап кеткеніне арызданған. Аталған арыз бойынша тәртіп сақшылары ҚК-нің 200-бабы «Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иелену» бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді бастады.

Жедел-іздістіру іс-шаралары барысында «Smart city» ситуациялық орталығының бейнебақылау

камераларының көмегімен полиция қызметкерлері 25 жастағы жергілікті тұрғынды анықтады. Ол өз кінәсін мойындады.

Кейін анықталғандай, жәбірленуші мен күдікті бұрын таныс болған. Ер адам танысының үйінің маңынан өтіп бара жатып, оған қонаққа келуге бел байлайды. Алайда үйдің жарығы өшірілген. Кейін қайтып бара жатқанда машина есігінің кілттелмегенін көріп, үй иелері оянғанша көлікпен серуендеп қайтуға ұйғарғанын айтқан. Аталған көлікті полиция қызметкерлері өз иесіне қайтарып берді.

Айта кету керек, жыл басынан бері Ақкөл қаласындағы «Smart city» ситуациялық орталығының камераларының арқасында полицейлер 32 қылмыс пен 242 әкімшілік құқық бұзушылықты ашты.

«Көмек жолын бөгеме!»

2020 жылғы 28 мамыр күні Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі Орал қаласы полиция басқармасы қызметкерлерімен бірге «Көмек жолын бөгеме!» атты рейдтік шара өткізді.



Руслан ЖИРЕНТАЕВ, БҚО

Бұл науқанның басты мақсаты – жедел автокөлікке жол беру, жол қозғалысына қатысушылардың дайындығына тексеріс және арнайы автокөліктерге жол бермейтін жайттарға ескерту. Адамдар күнде өрт сөндірушілердің жедел

көмегі қажет болатын әр түрлі жағдайларға кездесіп қалып жатады. Кез келген минутта өрт сөндіру бөлімдері көмекке шығу үшін әрдайым жауынгерлік дайындықта болады. Олардың оқиға орнына тез келуі, адам өмірі мен денсаулығы тікелей жылдамдыққа тәуелді. Бірақ өкінішке қарай, жарқылдаған

қосулы маяк пен дауыс сигналына қарамастан, барлық жүргізушілер шақыруға асыққан арнайы автокөлікке жол бермейді, тіпті өз әрекетімен қайғылы жағдайға себепші болатынын ойламайды.

Әрбір жол қозғалысына қатысушы жарқылдауық маягы мен сиренасы қосулы арнайы автокөлікке жол беруге міндетті, бұл жол қозғалысы ережесінде жазылған. Мұндай машиналарға жол қиылысында немесе жолда жол бермесе – ережені бұзғаны!

Іс-шара өткізу барысында ҚРЗ ӘҚК 598-бабының 1-тармағына сәйкес Орал қалалық полиция басқармасы қызметкерлері құқық бұзған төрт жүргізушіні әкімшілік жауапкершілікке тартып, айыппұл салды.

Ілтипатты және жауапты болыңыздар! Адамдардың салғырттығынан көмекке мұқтаж жандардың көмексіз қалуына жол бермейік. Өрт сөндірушілердің көмегін қажет ететіндердің орнында әрбір адам болуы мүмкін!

Атты сақшылардың қарбалас мезгілі

Жазғы маусымда атты полицейлер жағажайлар маңын бақылауға көшті.

Ғазиза КӘРІБАЙ, Ақтөбе облысы

Жаз мезгілі туып, күн жылына бастаған сәттен көпшілік табиғат аясына, өзен-көлдердің жағасына барып күнге қыздырынып, демалыс ұйымдастыруға асық. Олардың қатарына қыстың аяқталуын сарғая күтіп отыратын бау-бақша егуге, тіпті жай ғана оңаша демалуды қалайтын саяжай иелерін де қоса беріңіз. Адам жүрген жерде міндетті түрде түрлі қатер, оқыс оқиға, ойламаған апаттар, өкінішке қарай, орын алып жататыны шындық. Біреудің шөлкем-шалыс мінезі, ойсыз іс-әрекеті, ақылсыз қалжың-ойыны орны толмас өкінішке апарады.

Ақтөбе облысының ПД жыл сай-

ын жаз маусымы басталысымен атты полиция қызметкерлерімен және Төтенше жағдай департаменті қызметкерлерімен бірлесіп, саяжайлар мен су жағажайлары аумағын бақылауды қолға алды. Су жағалары мен саяжайларды қоғамдық құқықбұзушылық, оның ішінде алкогольді ішімдіктерді ішкен адамдарға, шомылу ма-



усымы басталған уақытта белгіленбеген жерлерде суға түскен адамдарға әкімшілік хаттамалар толтырылып, ескерту жасалады.

– 27 мамыр күні атты полицейлермен жазғы маусымда саяжайлар

мен су жағажайларында бақылау жүргізу басталды. Бұл тексеру жұмыстары 10 атты полицей мен 20 полиция қызметкері және ТЖ департаменті өкілдерімен бірге жүргізіледі. Мәселен, рейдтің бір күні ішінде атты полицейлер 10 құқық бұзушылық фактісін анықтады. Көп жағдайда алкогольді ішімдік ішу жиі орын алып жатады. Дәл сондай бес адам ұсталды. Арасында есірткі заттарын қолданған азамат та болды. Бұл жұмыстар қаладағы төрт жағажайдың барлығында жалғасын табады, – дейді полиция батальонының командирі Ермек Шоқанов.

Атты полицейлермен 2019 жылы алкогольдік ішімдіктер ішу бойынша 25 хаттама, белгіленбеген жерлерде суға түскені үшін 80-ге жуық адамға әкімшілік хаттама толтырылған.

Төтеншеліктерден көмек алған адал дос

Өскемен қаласының құтқарушыларына 27 мамырда Машиностроителер көшесінің жанында шұңқырға құлаған иттің өздігінен шыға алмай жатқаны туралы хабарлама келіп түседі.



Әсел АҚЖІГІТ, Нұр-Сұлтан

Иттің үргеніне бей-жай қарамаған өтіп бара жатқан көше

тұрғындары дереу құтқару қызметіне қоңырау шалады. Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған отрядының қызметкер-

лері оқиға орнына жеткенде адамзаттың адал серігіне айналған тілсіз мақұлықтың толықтай битүмен бастырылғанын көреді. Ілмекті пайдалану арқылы тез арада ит шұңқырдан шығарылған.

– Құтқарылған итті бірден полиетиленге орап, ZOOVITA ветеринарлық клиникасына апардық. Қазір оны ветеринарлар қарап жатыр, – деді Шығыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті мамандандырылған бөлімшесінің құтқару инженері Алексей Широких.

Қазіргі уақытта қамқорлыққа кенелген үй хайуанатының ветеринарлық клиникада жағдайы тұрақты.

Анасымен онлайн кездесу



Қарағанды облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті АҚ-159/1 мекемесінің (ТИЗО) әкімшілігі кәметке толмаған сотталғанға анасымен онлайн кездесуін ұйымдастырды.

Руслан КАЮПОВ,
Қарағанды облысы

– Карантин кезеңінде енгізілген шектеулерге байланысты облыс бойынша ҚАЖД барлық мекемелеріне сотталушылардың туыстарының келуіне тыйым салынған. Осыған байланысты біз тергеу изоляторындағы кәметке толмаған

сотталушыны анасымен онлайн кездестіруді ұйымдастырдық, – дейді АҚ-159/1 мекемесі бастығының міндетін атқарушы Есімжан Байтасов.

Мұндай сыйлық сотталғанды қуандырмай қоймады, сол себепті ол анасымен сәлемдесіп қана қоймай, оны көруге де мүмкіндік

алған болатын. Бірақ мұнымен сый жасау аяқталған жоқ еді, «Қызыл жарты ай» қоғамының еріктілері жасөспірімге азық-түлік кәрзеңкесін табыс етті.

– Қазақстан Республикасы «Қызыл жарты ай» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы мен Қарағанды облысы бойынша ҚАЖД арасында жасалған серіктестік келісімге қол қойылу аясында бүгін ТИЗО-да ұсталып отырған сотталғанға «Балаларды қорғау күні» мерекесі құрметіне азық-түлік кәрзеңкесі мен жеке қорғаныс құралдарын табыс етеміз және оны осындай жағдайында сәл де болса қолдау қажет деп ойлаймыз, – дейді Қазақстан Республикасы «Қызыл жарты ай» қоғамының Қарағанды облыстық филиалының директоры Татьяна Абрамова.

Жасөспірім Қарағанды облысы бойынша ҚАЖД АҚ-159/1 мекемесінің басшылығы мен әкімшілігіне анасымен сөйлесіп, жүзін көруге мүмкіндік бергені үшін алғысын білдірді.

– Бұл мен үшін күтпеген жағдай болды, мен онлайн кездесу өткізгенім үшін өте қуаныштымын, – деп жеткізді ол.

Әдістемені талқылаған дөңгелек үстел

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабилбаев атындағы Қостанай академиясының жалпы заң пәндері кафедрасының қызметкерлері Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы заң пәндері кафедрасымен ұйымдастырылған «Мемлекеттік-құқықтық пәндерді оқыту методикасын жетілдіру» атты онлайн дөңгелек үстелге қатысты.

Әсел АҚЫЛБЕКОВА,
Қостанай

Дөңгелек үстел жұмысы барысында кафедра атынан алғы сөзбен ЖЗП кафедрасының бастығы, (PhD) докторы, полиция майоры Е.Қайнар сөйледі. Сондай-ақ кафедра бастығының орынбасары, полиция майоры М.Смағұлов «Алғашқы арнайы кәсіби даярлық курсының білім алушыларын адам құқығы пәнінен оқытудағы әдістемелік әдістерді қолдану», кафедраның аға оқытушысы, полиция майоры А.Ақылбекова «Адам құқығы

пәні бойынша интерактивті және инновациялық нысандар мен әдістерді қолдану тәжірибесі» атты баяндамаларымен қатысты.

Қатысушылар заң пәндерін оқытудың өзекті әдістерін қарастырып, интерактивті оқыту әдістеріне ерекше назар аударды. Олардың білім беру қызметінде жүзеге асыру ерекшеліктері мен дамуын қарастырды.

Бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістеріне көп көңіл бөлінеді. Құқықтық пәндерді оқытуда оқытудың интерактивті

әдістерін қолдану білім алушылардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Интерактивті әдістер заң терминологиясын меңгеруге, құқықтық актілермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге және бекітуге көмектеседі, құқықтық жағдайларды талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Құқықтық тәжірибені таныстыруға және игеруге әсері мол. Оқытудың интерактивті әдістері оқу үдерісін оңтайландырады, оның сапасын арттырады, құқықтық теория мен тәжірибені интеграциялайды.

Ведомствалық білім беру мекемелерінде оқыту әдістемесі мәселелері бойынша осындай тәжірибемен алмасу оқу процесін жетілдірудің бір түрі болып табылады.

Бей-берекет көші-қонға жол жоқ



Солтүстік Қазақстан облысының көші-қон қызметінің бөліністеріне осы жылдың басынан бастап уақытша тұруға рұқсат алуға 5 мыңнан астам шетелдік өтініш берген. Олардың ішінде 2008 өтініш еңбек қызметіне қатысты болды. Ресей Федерациясының 1400-ге жуық, Өзбекстан мен Тәжікстаннан келген 553 азамат жұмысқа тұрып, уақытша тұруға рұқсат алды.

Динара САҒЫНДЫҚОВА,
СҚО

Олар көші-қон қызметіне еңбек келісім-шартын ұсынды, бұл оларға осы құжаттың әрекет ету мерзімі бойынша Қазақстанда уақытша тұруға рұқсат алуға құқық береді, бірақ бір жылдан аспайды.

Естеріңізге сала кетейік, қаңтарда көші-қон заңнамасына шетелдік-

терді тіркеу нормалары алып тасталған өзгерістер енгізілді. Бірақ 30 тәулік ішінде шетелдіктер уақытша тұруға рұқсат алуы немесе елден кетуі керек.

Жалпы, Қазақстан аумағында болу 90 күннен аспауы керек. Жұмыспен қамтылу – уақытша тұруға рұқсат алу үшін басты негіз болып табылады. Солтүстік Қазақстан облысында еңбек патенті бойынша

жұмыс істейтін шетелдік азаматтар да жұмысын жалғастырды.

– 13 мамырда көші-қон қызметі бөліністерінің жұмысы қайта жанданды. 15 күн ішінде көші-қон қызметтерін ұсынуға байланысты 9 мыңға жуық өтініш түсті. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы көші-қон қызметі қызметкерлерінің жұмысын бағалау болып табылады, сондықтан жедел және уақтылы әрекет ету, бұл – бөлініс қызметкерлерінің басты басымдықтары, – деді Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Қанат Айтбаев.

Сотталған балаларға сотталғандар сый жасады

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні Алматы қаласындағы балалар колониясында жыл сайын салтанатпен аталып өтеді. Бұл күні олар мекеме ауласын барынша әсем безендіріп, өз күштерімен концерттік бағдарлама әзірледі, спорттық жарыстар өткізеді.

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Жыл сайын балалар колониясында бұл мереке кезінде «Ашық есік күні» ұйымдастырылып, жасөспірімдер ата-ана, туған-туыстарымен қауышатын. Биыл еліміздегі карантин шараларына байланысты «Ашық есік күні» өткен жоқ. Бұған қарамастан балалар атаулы мерекені нағыз мерекеге айналдыра білді. «Тұлпар», «Қыран», «Лайкқа лайық», «Супер бобры» және «Бақытты отбасы» атты команда-

болды. Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ЛА-155/13 түзеу мекемесіндегі сотталғандар өз еңбек-ақыларына балалар колониясындағы жасөспірім сотталғандарға спорттық костюмдер алып берді. Мереке сайын әртүрлі спорттық жарыстар өткізетін жасөспірімдер енді біркелкі киім киіп, ойнайтын болды. Балаларға сый жасаудан ЛА-155/18 тергеу изоляторының шаруашылық қызметіндегі сотталғандар да шет қалған жоқ. Олар



ларға бөлінген жасөспірімдер түрлі жарыстар ұйымдастырды.

Салтанатты мерекені құттықтау сөзбен ашқан Алматы қаласы бойынша ҚАЖД бастығының орынбасары Е.Ұзақов әлем бойынша 1950 жылдан бері тойланып келе жатқан мерекенің тарихымен таныстырып, жазалы балалардың колониядан нағыз азамат болып босауларына тілектестік білдірді.

Биылғы балалар күніндегі бір ерекшелік, сотталғандардың сотталғандарға жасаған сый-сияпаты

да жасөспірімдерге таксафон карталарын сыйлады. Мереке күні «Сыбыржан» компаниясының арнайы өкілі келіп, балаларға сый-сияпат жасады.

Жарыс қорытындысы бойынша 1-ші орынға «Тұлпар», 2-ші орынға «Қыран», 3-ші орынға «Лайкқа лайық» командалары лайық деп табылса, соңғы орындарды «Супер бобры» мен «Бақытты отбасы» командалары бөлісті.

Суреттерді түсірген автор

Балаларға шуақ сыйлады



Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Көліктері полиция департаментінің қызметкерлері көпбалалы бір отбасыға көмек көрсетті.

Самал ЕСІМХАНОВА,
Нұр-Сұлтан

Қазақстан үшін – ана мен бала жағдайы ешқашан көңілден тысқары қалған емес. Өйткені тәуелсіз еліміздің болашағы – балалар.

Мереке қарсаңындағы көмек сәуір айында үйлері өртеніп, баспанасыз қалған төрт баланың анасы Меруерт Әбдікәрімованың отбасына арналды.

Шара барысында көлік полицейлері балаларды төл мерекелерімен құттықтап, оларды киім-кешек, азық-түлік, оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Сондай-ақ балаларға тәттілер мен ойыншық сыйлықтарын тарту етті.

– Бір отбасының үйлері өртеніп, баспанасыз қалғанын естідік. Бұл қиын жағдай. Ең бастысы, балалар аман. Бүгін осы отбасыға аз да болсын, көмек көрсетіп, қолдау білдіргіміз келді. Балалардың қуанышын көруден асқан бақыт жоқ. Балаларымыз әр кез аман болсын, – дейді Департаменттің тергеу басқармасының қызметкері, подполковник Руслан Есалин.

Оның айтуынша, көлік полицей-

лері бұған дейін де «16 қайырымды іс», «Біз біргеміз» акциялары аясында бірнеше іс-шаралар өткізген. Бұл шара да сол игі істердің жалғасы.

Өз кезегінде Меруерт Әбдікәрімова полицейлерге өзінің алғысын білдірді.

– Біздің жағдайымызды ешкімнің басына салмасын. Үйіміздің түгі қалмады. Киім-кешек, жиһаз, ыдыс-аяқ түгелдей жанды. Бүгін жасаған көмектеріңіз біз үшін үлкен сый болды. Көп рақмет. Әсіресе, балаларым ерекше қуанды. Мұндай құттықтау күтпедік. Жұмыстарыңызға табыс тілейміз, еңбектеріңіз жана берсін, – дейді көпбалалы ана.

Бүгінгі күні полицейлер қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтық борыш ретінде қолдан келгенше көмек көрсетуде. Бүгінгі қайырымды іс те тек жақсылыққа арналды.

– Балалық – адам өміріндегі ең алаңсыз, бақытты шақ. Сондықтан біз балаларға есте қаларлық мерекелік көңіл-күй сыйлауды мақсат еттік, – дейді тәртіп сақшылары.

